

16 ақпан,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ОЙЫЛ

«NUR OTAN» САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ОРЫНДАУҒА КІРІСТІ

ӨТКЕН ЖҰМА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИЯЛЫНДА ФРАКЦИЯ ОТЫРЫСЫ БОЛЫП ӨТТІ. ФРАКЦИЯ ОТЫРЫСЫНА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ ЕРБОЛ ДАНАҒҰЛОВ ZOOM ПЛАТФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ БАЙЛАНЫСҚА ШЫҒЫП, АЛДАҒЫ АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАРҒА НАҚТЫ ТАПСЫРМА БЕРІП, ПАРТИЯ ТАРАПЫНАН САЙЛАНҒАН МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНА ЖҮКТЕЛЕТІН МІНДЕТТІН МАҢЫЗЫ ЗОР ЕКЕНДІГІН АЙТТЫ.



Жиынға партия төрағасы, аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы төрағалық етті. Аудан бойынша 6 мәслихат депутаты және филиалдың есеп және статистика секторының меңгерушісі Алматы Мусин қатысты. Отырыста Ойыл ауданы бойынша «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі «Өзгерістер жолы: барлығына лайықты өмір!» 2021-2025 жылдарға арналған «Жол

картасының» жобасы талқыланды. Жиын аясында алдымен «Nur Otan» партиясы Ойыл ауданы бойынша сайлауалды бағдарламасын іске асыруға арналған іс-шаралар жоспары, яғни «Жол картасын» талқылап, Саяси Кеңес бюросына жолдау мәселесі қаралды. Сайлауалды бағдарламаны толықтай қамтыған «Жол картасы» бойынша әр салаға бір депутаттан бекітіліп, жасаған жұмыс-

тары бойынша есеп беріп отыруға міндеттелді. Күн тәртібіндегі екінші мәселе фракцияның 2021 жылға жұмыс жоспары талқыланып, депутаттардың келісімімен бекітілді. 2021-2025 жылдарға арналған Жол картасының жобасы негізінде жүктелген міндеттер мен тапсырмаларға байланысты депутаттар пікірлерін білдірді.

Бақыт Ескалива, аудандық мәслихат депутаты.

- «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі, мәслихат депутаты ретінде партияның сайлауалды бағдарламасын орындауын үнемі бақылап, назарда ұстап отыруды өз міндетім санаймын. Біздің басты мақсатымыз халықтың әл-ауқатын көтеруді қамтамасыз ету, осы бағытта «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында нақты мақсаттар мен істерді алға қойған болатын, біз енді сол мәселелерді жүзеге асыруға кірістік. Фракция мүшесі ретінде өзіме бекітілген сала бойынша мобильді байланысты қамтамасыз ету, 2021 жылы Қаракемер, Ақшатау ауылдарында құрылғылар қою жұмыстары басталды және де осы елді мекендерде қалдықтар төзетін жаңа полигон орны белгіленіп, бұрынғы полигон орнын тазалау жұмыстары жоспарланып отыр.

Нұрсұлтан Дәулетқалиев, аудандық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясының фракциясы жетекшісі - «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі, мәслихат депутаты ретінде партияның сайлауалды бағдарламасын орындауын үнемі бақылап, назарда ұстап отыруды өз міндетім деп санаймын. Біздің басты мақсатымыз халықтың әл-ауқатын көтеріп, халықтың жайлы өмір сүруін, осы бағытта «Nur Otan» партиясының нақты мақсаттары мен міндеттерін орындауға кірістік.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ, «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы консультанты.

ТАҒАЙЫНДАУ

«Nur Otan» партиясы Ақтөбе облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Е. Данағұловтың бұйрығымен «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметіне Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 30, 34, 36-баптарына сәйкес Жиеналин Еркін Жұмағазыұлы тағайындалды.

ӨМІРБАЯНЫ

Жиеналин Еркін Жұмағазыұлы 1973 жылы, 24 тамызда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Саралжын кеңшарында дүниеге келген.

Әкесі - Жиеналин Жұмағазы Зайырұлы, анасы - Талдыбаева Роза Нұрбергеноқызы, екеуі де педагогтар. 1980-1986 жылдары Ойыл ауданы, Саралжын кеңшарының, Ақкемер ауылында Жамбыл атындағы сегіз жылдық мектепте оқып, 1990 жылы Жетікөл кеңшарының Қараой орта мектебін бітірген.

1990 жылы Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, оны 1994 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығын алып шықты.

Еңбек жолын 1994 жылы Ақтөбе облысы, Қобда ауданы Новоалексей қазақ орта мектебінен бастап, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып, осы мектеп қабырғасында 10 жылдай қызмет атқарған.

2003 жылы Қобда ауданы әкімі аппаратының өлеуметтік сала және мәдени даму бөлімінің басшысы болып, 2005 жылы бөлімнің құрылымдық және құзырлық өзгеруіне сәйкес ақпараттық талдау бөлімінің басшысы болып жұмыс жасады.

2006 жылы Қобда ауданы әкімінің өкімімен И.Құрманов атындағы ауылдық округ әкімі лауазымына тағайындалып, сол жылы Қобда ауданы әкімінің орынбасары қызметіне көтерілді.

2008 жылы облыстық «Достық үйі» директорының орынбасары болып еңбек етіп және сол жылы «Нур Отан» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының идеология және қоғамдық-саяси жұмыстар бөлімінің консультанты қызметін атқарды.

2009 жылы Ақтөбе облысының мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығында біліктілікті арттыру бөлімінің басшысы болып жұмыс жасады.

2010 жылы Ойыл ауданы, Ойыл селосының әкімі болып тағайындалып, 2011 жылдың 17 қараша айынан «Нур Отан» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет етті.

2019 жылдың 25 шілдесінен Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы қызметіне сайланды.

V-VI шақырылымдардағы Ойыл аудандық мәслихатының депутаты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың және Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың қоғамдық-саяси жұмыстарындағы белсенділігі үшін «Алғыс хаттарымен» марапатталған, ҚР Парламенті Сенатының «Құрмет грамотасы», «Nur Otan» Партиясының «Құрмет грамотасы» иегері. «ҚР Конституциясының 20 жылдығы», «ҚР мәслихаттарының 20 жылдығы» және «ҚР мәслихаттарының 25 жылдығы» мерекелік медалдарымен иеленген.

Отбасылы. Бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр.

Жұбайы - Избагамбетова Гүлмира Сабырқызы 1974 жылы 5 қарашада дүниеге келген. Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облысы Ойыл аудандық қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Ұлы - Жиеналин Еркебулан Еркінұлы 3 наурыз 1997 жылы туылған, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-да қызмет етеді.

Қызы - Жиеналина Еркеназ Еркінқызы 14 сәуір 2008 жылы туылған, Ойыл аудандық Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясында оқиды.

ДӘУІР ТАЛАБЫ – БІЛІКТІ ҰРПАҚ

Өткен аптада Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік берінен қымбат» мақаласы аясында Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің ұйытқы болуымен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияның ұстаздары арасында «XXI ғасыр - білім мен біліктің дәуірі» атты ақпараттық-пікірлесу сағаты өткізілді.

XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Сондай-ақ тәуелсіздік жылдарында талантпен таңдай қақтыратын жас өрендер легі есіп-жетіліп келе жатқанын және білім мен біліктілікті туралы Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияның директоры Роза Ұлықпаanova баяндаса, мұғалімдер жаңа дәуірдің талабына сай шәкірт тәрбиелеудегі өз ойларын ашық жеткізді.

ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ - ҚОҒАМНЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫН ҚАДАҒАЛАЙДЫ



Өткен аптада аудан әкімдігі жанындағы қылмыстық қазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын органдар мен мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтетін адамдарға өлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі комиссия отырысы өтті. Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаевтың төрағалығымен өткен комиссия отырысына комиссия мүшелері мен Ойыл аудандық пробация қызметінің аға инспекторы Әділет аға лейтенанты Асхат Салик, Ойыл аудандық прокуратурасының аға прокуроры Нұрасқан Ермекебаев қатысты.

Ойыл ауданының пробация қызметінің есебінде 11 адам тұр. Қазір олардың бірақтары құрылыс жұмыстарында болса, бірақтары қоғамдық жұмыста жүріп, кейбіреулері жеке кәсіппен айналысуда. Осындай жандарды қоғамға тартып, тұрақты жұмысқа жұрту негізінде көптеген іс-шаралар жүргізіліп келеді. Осы тұрғыда аталған

жандарды оңалтып ортаға тарту үшін «2021 жылға Ойыл ауданы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» аудан әкімдігінің №5 қаулысы талқыланды. Онда алдымен Ойыл аудандық прокуратурасының аға прокуроры Нұрасқан Ермекебаев ауданымызда пробация қызметінің есебінде тұрған жандарды тұрақты жұмыспен қамту үшін «Еңбек» бағдарламасына қатыстыру, кәсіби мамандықтарға оқыту сынды тиімді жолдарын қарау керектігіне тоқталса, Асхат Салик Ойыл ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығын айыру орындарына басталған адамдардың отбасын зерделеу жұмыстары және жыл басынан атқарылған іс-шаралар бойынша баяндады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ӨЗЕНДІ КЕПТІРУ ОҢАЙ, ТОЛТЫРУ ҚИЫН!

Соңғы жылдары еліміздегі ірі су бассейндерін қоректендіріуші далалық өзендер арналарының күрт төмендеп, бұл тұтас экожүйеге кері әсер ете бастауы Ақтөбе облысының тұрғындарын да алаңдатып отыр. Ор, Ембі, Жем, Ойыл, Ырғыз, Елек, Сазды өзендерінің суы мүлдем азайып, ағыстары да баяулады.

«Қазгидромет» РМК мәліметіне қарағанда, бүгінде бастауын Мұғалжар тауынан алатын Жем өзенінің орташа жылдық ағыны 201 млн. текше метрге (58%), Ойыл өзені 233 млн. текше метрге (25%) төмендеген. Ал «Қазгидрометтің» Ақтөбе филиалы мамандарының дерегіне қарағанда, Ойыл өзені аумағындағы су ағының бесжылдық орташа көрсеткіші 127 миллион текше метрге тең болыпты. Таратып айтқанда, 2018 жылы осы көрсеткіш 118 млн текше метрді көрсетсе (92,9 пайыз), 2019 жылы 18,3 млн текше метрге (14,4%) күрт азайып кеткен. Бір жылдың ішінде су ағыны мөлшерінің 118 млн текше метрден 18 миллион 300 мың текше метрге күрт түсуі өте алаңдатарлық жағдай болып отыр.

Былтыр Ойыл өзені тасыған жоқ, ал Жем ортасынан бөлініп қалған шалшық суға айналып барады. Негізінен, қар суымен қоректенетін екі өзеннің мұндай жағдайға жетуіне ылғалды аз түсуі деген құзырлы мекемелердің жауабы дайын. «Қазгидромет» мекемесінің жергілікті филиалының қорытындысынан аңғарғанымыз, Ойыл өзені айналасындағы атмосфералық жауын-шашынның түсу көрсеткіші мен өзендегі су деңгейінің көлемі бір-біріне сәйкес емес. Мәселен, Ойыл өзені айналасында 2019 жылы түскен жауын-мөлшері 62%-ды, 2020 жылы 57%-ды құраған. Бір сөзбен айтқанда, қыста қар жеткілікті жауып, мұз қатса да, көктемде өзенде су өте аз болды.

Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Жақсығали Иманқұловтың хабарлауынша, Ақтөбе облысының аумағынан ағып жатқан далалық өзендердің гидрогеологиялық режимін зерттеу мен реттеу бағдарламасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу күн тәртібінде тұр. Жақын уақытта дала өзендерінің мәселесін көтеріп жүрген табиғат жанашырларымен, ауыл азаматтарының қатысуымен бірлескен жұмыс тобы құрылатын болды.

Өкініштісі сол, дала өзендерінің ахуалын зерделеу жұмыстары 10 жыл бұрын басталуы керек еді. Ол уақытта өзен бойында дәл қазіргідей бейберекет болған жоқ. Қазіргі уақытта су белдеуі әркімнің жекеменшігіне айналғандай. Қаптаған шаруа қожалықтары көшіру, егіс егетін суармалы шаруашылықтарды аластату ұзаққа созылатын әрі құқық қорғау органдарының араласуынсыз бітпейтін түрі бар. Бүгінде ешкім де өзен бойынан еркімен кетуге ықтияр емес. Жақсығали Иманқұлов өңіріміздегі



далалық өзендер арнасының күрт азаюының бірнеше себебін атады. Ол жақында Ойыл, Қобда, Мұғалжар, Темір аудандарына барып, ауыл азаматтарымен кездескенде, жұртшылық Ойыл арнасының азаюына, су сапасының нашарлауына ежелден бірнеше себепті көрсеткен. «Біріншіден, өзенді қоректендіретін жауын-шашын мөлшері өте аз болды. Екіншіден, су кодексындағы жағалауда 50 метрге дейін құрылыс болмауы керек деген ереже сақталмайды. Үшіншіден, кейбір шаруа қожалықтары елсіздік, су арнасының тартылған тұстарында қоршау жасап, мал ұстайды. Төртіншіден, өзен бойындағы кей ауыл тұрғындары қыстан шыққан құлдықтарын өзенге тастайды. Ал Ойыл өзенінің бойында 20-дан астам елді мекен орналасқан. Малдың қиы, ауылдағы үйдің күлі – ағыны өлсіз өзенге үлкен жүк. Бесіншіден, шаруа қожалықтары өзеннің кез келген тұсын малдың суат көзіне айналдырған. Табиғат жанашырлары Ойыл өзенінің кішігірім салаларының бойында заңсыз тұрғызылған бөгеттер болуы мүмкіндігін жоққа шығармайды. Сол үшін көктем шығып, жер қарайған кезде өзен бойын түгел зерттел, заңсыз бөгет тұрғызып тұлғаларды анықтау керек. Алтыншайдан, облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы ауыл шаруашылығы басқармасымен бірлесіп отырып, мал суаруға өзеннің белгілі бір тұсын белгілеуді жоспарлап отыр. Бұл жерде құдығы жоқ, не ұңғымамен су шығару мүмкіндігі болмаған шаруа қожалықтарына ғана өзеннің белгілі бір тұсынан мал суаруға рұқсат етіледі. Өйткені өзен бойын шабындыққа пайдалануға болады, бірақ малдың суатына емес. Жетіншіден, табиғат жанашырларының айтуынша, ауыл малының өрісі – өзен жағасы. Көп ауылдың малы бүгінде бейберекет жайылады, өйткені бақташы жоқ. Біздіңше, су

белдеуі ала жаздай малдың тұяғымен тапталмас үшін ауыл өкімдері көктем шығып жеке тұрғындардың малын бағуды ұйымдастыруды өз қолдарына алған жөн. Жаз бойына өр елді мекенде аналық малды қалдырып, басқаларын ауылға қалдыру керек. Осындай жолмен өзенге түсетін салмақты азайтамыз», дейді Жақсығали Иманқұлов. Бұл жағынан ауыл өкімдері Әйтеке би ауданының Аралтоғай ауылдық округінен шеберлік сабақтарын үйренсе де, артық етпейді. Ол жақта мал бейберекет жүрмейді, көктем туа бойдақ малдың бәрі қырда бағылады да, ауылда тек сауын сиырлар қалдырылады. Аралтоғай кооперативі осы шаруаны тап-тұйнақтай етіп ұйымдастырған.

Ендігі жұмыс еліміздегі ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп, су арналарын гидрологиялық және гидрорхимиялық кешенді зерттеуді кешіктірмеу керек. Далалық өзендердің неге құрып бара жатқандығының бір ұшы осы кешенді зерттеуден анықталады. Жобалау жұмыстарын жүргізу алдында оның техникалық негіздемесін әзірлеу қажет. Жем мен Ойыл неге тартылды деген сұрақтың негізгі жауабы – Орал-Каспий бассейні мамандарының тікелей жауапкершілігінде болуы тиіс.

Жазық өзендердің жағдайын реттеу оларға құйылатын шағын өзендерді қалпына келтіруден басталады. Мәселен, Ойыл өзенінің арнасын толтыратын шағын өзендер – Шағырлы, Құмды, Бабатай, Кенжалы, Шиелі, Жарлының құрғап жатқан арнасына қорқату мен айналасына ағаш отырғызу арқылы су келтіруге мүмкіндік бар. «Далалық өзендердің шағын арналарына қорқату жұмыстарын тұрақты жүргізу керек. Өйткені ағаш көп болса, жаз шыққанша көлеңкесінде қар жатады, оның тереңдеген тамыры суды ұстайды. Жасыл желек белдеуін көбейтсек, құрғаған арналарға су толады. Осы жағынан Мұғал-

жар, Темір аудандарының жеріне ағаш түрлерін көптеп отырғызуға болады», дейді орман шаруашылығының ардагерлері.

Осы жағынан бастауын Мұғалжар тауларынан алатын Ырғыз өзенінің ахуалы да Ойылдан асып кеткен жоқ. Ырғыз өзенінің биыл ағысы болмады, арналары тым жіңішкеріп, өзен түбі тайызданып кетті. Бастауын Мұғалжар тауынан алатын Ырғыз Торғай өзеніне қосылатын тұста, Жайсаньшай елді мекенінің жанында Қыл деген бөгеттен өтіп, Құрдымға барып жоғалады. Бұл – Ырғыз-Торғай резерватына тиесілі аумақ, ежелден құстардың көш жолы. Сібірден өрі-бері ұшқан құстар көктем мен күзде осы маңдағы көлдерге аялдайды. Бұл жақта бір-бірімен жерасты суымен жалғасқан ұсақ-ұсақ 80 көл бар. Өлке табиғатының ерекшелігі сол, сансыз көлшілігі көктемде толып, күзде тартылады. Бірер жыл бұрын Құрдымға баратын жолдағы суды ұстап қалу үшін Қылдың түбіне бөгет салынды, бірақ су бөгеттен айналып, қайтадан Құрдымға құйылып жатыр. Су бөрібір өз арнасын тауып ағады деген осы. Қылдың жыры бір бөлек. Жергілікті тұрғындар Құрдымға барып құритын суды ұстап қалу үшін бөгетті Қылдан жоғарырақ, көктемде толып, күзде солып қалатын шағын-шағын көлшіктер тұсына салу керек деген ұсыныс айтқан. Құстардың көш жолындағы осы көлдер болса, тіршілік жанданады, балық та болады, су жайылған жерге өсімдік те шығады.

Ақтөбе облысының тұрғындары далалық өзендердің тартылуы аймақтық экожүйесіне ауыр соққы екелетінін жақсы сезінеді. Бұл жерде адамның табиғатқа шын жанашырлығы мен атқарылатын істердің сөз жүзінде қалып қоймауы өте маңызды болып тұр.

Баян ҚУАНДЫҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласы.

2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БЮДЖЕТІ

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				Таза бюджеттік кредиттеу	0

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5	01	1	Бюджеттік кредиттерді өтеу Бюджеттік кредиттерді өтеу Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0 0 0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо Қаржы активтерін сатып алу Бюджет тапшылығы (профициті) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0 0 0 0

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
7	01	2	Қарыздар түсімдері Мемлекеттік ішкі қарыздар Қарыз алу келісім-шарттары	0 0 0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16	1			Қарыздарды өтеу Қарыздарды өтеу	0 0

Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 480 шешіміне 10 қосымша

БЮДЖЕТ КОПТОГАЙСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА НА 2021 ГОД

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
				Чистое бюджетное кредитование	0

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
5	01	1	Погашение бюджетных кредитов Погашение бюджетных кредитов Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета	0 0 0

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
				Сальдо по операциям с финансовыми активами Приобретение финансовых активов Дефицит (профицит) бюджета Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета	0 0 0 0

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
7	01	2	Поступление займов Внутренние государственные займы Договоры займа	0 0 0

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
16	1			Погашение займов Погашение займов	0 0

Приложение 10 к решению Уилского районного маслихата от 30 декабря 2020 года №480

2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БЮДЖЕТІ

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	01	2	Кірістер Салықтық түсімдер Табыс салығы Жеке табыс салығы	30 315 1 653 35 35
	04	1	Меншікке салынатын салықтар	1 618
		3	Мүлікке салынатын салықтар	38
		4	Жер салығы	85
2		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 495
	01		Салықтық емес түсімдер	185
		5	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	180
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлкті жалға беруден түсетін кірістер	180
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	5
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	5
4	02		Трансферттердің түсімдері	28 477
			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	28 477
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	28 477

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
01	1			Шығындар Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	30 315 25 443 25 443
	124	001		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25 443 25 443
				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4 872
				Елді-мекендерді көркейту	4 872
				Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	4 872
				Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	735
				Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	525
				Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	74
				Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3 538

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				Таза бюджеттік кредиттеу	0

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5	01	1	Бюджеттік кредиттерді өтеу Бюджеттік кредиттерді өтеу Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0 0 0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо Қаржы активтерін сатып алу Бюджет тапшылығы (профициті) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0 0 0 0

БЮДЖЕТ СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ИМЕНИ ШЫҒАНАКА БЕРСИЕВА НА 2021 ГОД

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
1	01	2	Доходы Налоговые поступления Подоходный налог Индивидуальный подоходный налог	30 315 1 653 35 35
	04	1	Налоги на собственность	1 618
		3	Налоги на имущество	38
		4	Земельный налог	85
2		4	Налог на транспортные средства	1 495
	01		Неналоговые поступления	185
		5	Доходы от государственной собственности	180
		5	Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности	180
	06		Прочие неналоговые поступления	5
		1	Прочие неналоговые поступления	5
4	02		Поступления трансфертов	28 477
			Трансферты из вышестоящих органов государственного управления	28 477
		3	Трансферты из районного (города областного значения) бюджета	28 477

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
01	1			Затраты Государственные услуги общего характера Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления	30 315 25 443 25 443
	124	001		Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	25 443 25 443
				Жилищно-коммунальное хозяйство	4 872
				Благоустройство населенных пунктов	4 872
				Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	4 872
				Освещение улиц в населенных пунктах	735
				Обеспечение санитарии населенных пунктов	525
				Содержание мест захоронений и погребение безродных	74
				Благоустройство и озеленение населенных пунктов	3 538

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
				Чистое бюджетное кредитование	0

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
5	01	1	Погашение бюджетных кредитов Погашение бюджетных кредитов Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета	0 0 0

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
				Сальдо по операциям с финансовыми активами Приобретение финансовых активов Дефицит (профицит) бюджета Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета	0 0 0 0

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
7	01	2	Қарыздар түсімдері Мемлекеттік ішкі қарыздар Қарыз алу келісім-шарттары	0 0 0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16	1			Қарыздарды өтеу Қарыздарды өтеу	0 0

Ойыл аудандық маслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 480 шешіміне 13 қосымша

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
7	01	2	Поступление займов Внутренние государственные займы Договоры займа	0 0 0

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
16	1			Погашение займов Погашение займов	0 0

Приложение 13 к решению Улсково районного маслихата от 30 декабря 2020 года №480

2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БЮДЖЕТІ

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	01		Кірістер Салықтық түсімдер	22 403 1 083
	04	2	Табыс салығы	25
			Жеке табыс салығы	25
			Меншікке салынатын салықтар	1 058
		1	Мүлікке салынатын салықтар	8
		3	Жер салығы	48
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 002
2	01		Салықтық емес түсімдер	47
			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	42
			Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	42
	06	5	Басқа да салықтық емес түсімдер	5
			Басқа да салықтық емес түсімдер	5
4	02		Трансферттердің түсімдері	21 273
			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	21 273
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	21 273

БЮДЖЕТ КАРАЙСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА НА 2021 ГОД

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
1	01		Доходы	22 403
			Налоговые поступления	1 083
			Подходный налог	25
		2	Индивидуальный подоходный налог	25
	04		Налоги на собственность	1 058
		1	Налоги на имущество	8
		3	Земельный налог	48
		4	Налог на транспортные средства	1 002
2	01		Неналоговые поступления	47
			Доходы от государственной собственности	42
			Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности	42
	06	5	Прочие неналоговые поступления	5
			Прочие неналоговые поступления	5
4	02		Поступления трансфертов	21 273
			Трансферты из вышестоящих органов государственного управления	21 273
		3	Трансферты из районного (города областного значения) бюджета	21 273

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
01	1			Шығындар Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	22 403 18 015 18 015
	07	3	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық Елді-мекендерді көркейту	18 015 4 388 4 388
			124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4 388 958
			008	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	500
			009	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 930
			011		

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
01	1			Затраты Государственные услуги общего характера Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления	22 403 18 015 18 015
	07	3	124	Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Жилищно-коммунальное хозяйство	18 015 4 388 4 388
			124	Благоустройство населенных пунктов Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Освещение улиц в населенных пунктах	4 388 958
			008	Обеспечение санитарии населенных пунктов	500
			009	Благоустройство и озеленение населенных пунктов	2 930
			011		

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				Таза бюджеттік кредиттеу	0

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
				Чистое бюджетное кредитование	0

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5	01	1	Бюджеттік кредиттерді өтеу Бюджеттік кредиттерді өтеу Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0 0 0

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
5	01	1	Погашение бюджетных кредитов Погашение бюджетных кредитов Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета	0 0 0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо Қаржы активтерін сатып алу Бюджет тапшылығы (профициті) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0 0 0 0

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
				Сальдо по операциям с финансовыми активами Приобретение финансовых активов Дефицит (профицит) бюджета Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета	0 0 0 0

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
7	01	2	Қарыздар түсімдері Мемлекеттік ішкі қарыздар Қарыз алу келісім-шарттары	0 0 0

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
7	01	2	Поступление займов Внутренние государственные займы Договоры займа	0 0 0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16	1			Қарыздарды өтеу Қарыздарды өтеу	0 0

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
16	1			Погашение займов Погашение займов	0 0

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1767 дана. Тапсырыс №187 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

БАПКЕРДІҢ МЕРЕЙІ

СЕЙІТЖАН БАРЛЫҚ АУЫЛ БАЛАСЫ СИЯҚТЫ АЛЫСЫП-ЖУЛЫСЫП ӨСТІ. ШАРУАМЕН ШЫНЫҚТЫ. ОЛ ҮШІН СПОРТТЫҢ КЕЗ-КЕЛГЕН ТҮРІ ДЕ ЖАТ БОЛҒАН ЕМЕС. АЛА ЖАЗДАЙ КҮНІ БОЙЫ ӨЗЕНГЕ ШОМЫЛЫП, КЕШКЕ ДЕЙІН ДОП ҚУСА, ҚЫСТАЙ САБАҚТАН КЕЛЕ ОЙЫЛ ӨЗЕНІНІҢ ҮСТІНДЕГІ АЙДЫНҒА ЖҮГРІДІ. ХОККЕЙ ОЙНАУ ҮШІН...



Ал, боксқа деген құлшыныс кенеттен басталды. Бес бітірген жылы. Ойыннан келе жатып бокстан жарыс басталып жатқанын естиді. Салмағын өлшеп, жарысқа «қойып кетті». Көзді ашып-жұмып төпелеген төбелес деп ойласа керек, арасында аяғы да «іске қосылып» кетеді. Төрешіден ескерту алып, ұпайынан айрылса да, сол кездесуде жеңіп шығады. Яғни, боксқа деген баспалдақ осы жарыстан басталды. Алғашқы бапкері Болат Қуатов. Болат бапкердің жаттығу кезіндегі «қан сорпаңды» шығаратын талабына тәғәйімен, талай ойыннан күр қалғаны өзегін өртейді. Бір күні тәңертен ертемен көрші балалармен бірге сайға доп ойнауға кетіп қалды. Жаттығу басталғанда қайтпақ ойы. Болаттың басталғанына қайтпақ ойы. Болаттың басталғанына қайтпақ ойы. Болаттың басталғанына қайтпақ ойы.

ұстазынан бокстың өліппесін меңгеріп келген шымыр баланың шеберлігін шыңдауға кірісті. Жеткіншек кезінен жүздеген балаға бапкер болған Дәулет Шыңбаевтың жаттығу сабақтарына үзбей қатыса бастады. Тынбай талаптанып, қайтсем де нәтижеге жетемін деп еңбектенді. Жаттығудан қалжырап, шаршап шыққан сәттерде де мойымай, шыдамдылығының арқасында біраз биікті еңсерді. Үш жылғы төгілген тердің өтеуі – 18 жасында жасөспірімдер арасында облыстың чемпионы болуы... Спорт шеберлігіне үміткер болып шықты. Сол жылы Ақтөбе қаласында өткен Бүкілодақтық Орталық Кәсіптік Одақтары Кеңесінің турнирінде топ жарған Сейітжан бағындырған белес мұнымен бітпеді. Облыстың ғана емес, республикалық құраманың бапкерлері де Сейітжанның барлық жарыстарын бақылап, оны үнемі көз қырында ұстады. Сондықтан, оймақтай Ойылдың баласын бүкілодақтық деңгейде өткен турнирлер мен біріншіліктерге Қазақстан атынан жіберді. Қай ақытта да бапкерлерінің сенімін ақтап, жерге қаратқан кезі жоқ. Мәселен, Өзбекстанда «Локомотив» желісі бойынша өткен бүкілодақтық турнирде күміс жүлдеге қол жеткізсе, Тольятти, Пятигорск қалаларында өткен турнирлерде қола жүлдеге ие болды.

шебері атанды. Бокстың бәсін жетік түсініп, осы бағытта алған асуы мен бағындырар белесін бағамдаған Сейітжан 1988 жылы жоғары оқу орнын бітіріп ауылға келді. Көп кешкіпей үлкен спортпен қоштасты. Одан кейін Сейітжанның бапкерлік өмірі басталды. Еңбегінің нәтижесі де ұзақ күттірген жоқ. Облыстық жарыстарда Ойылдың боксшылары бой көрсете бастады. Бала спортшының бапкерден үйренері көп. Оның өмірлік тәжірибесін, едіс-төсілдерін меңгеріп,



жарыстарда «азық» қылары сөзсіз. Жарысқа қара көбейіп қатысып қана қойған жоқ. Алды үмітті ақтап, Ақтөбеде ауызға іліге бастады. Батырбек Сағиев, Тілеш Тұнықбаев, Абат Шыңбаев, Бауған Жұмағалиев, Қанат Нұршин мен Мурат Бекетаевтар Ойылмен қатар Сейітжанның да даңқын аспандатты. Сол кезді Сейітжанның өзі Ойыл боксының өркендеуіне кезеңіне балайды. Алайда, 1990 жылдарғы тоқырау Сейітжанның талай шәкірттің қанатын қайырып, бағын байлады. Кейіннен қаржылық мүмкіндіктің шектелуіне, арнаулы спорт мектебі ғимаратының болмауы Ойылда бокс секциясының жабылуына әкеліп соқты. Сейітжан да тұрмыстың қажеттілігімен Ақтөбе қаласына қоныс аударды. Өртүрлі салада еңбек етіп, бапкерлік қызметтен де қол үзген жоқ. Ақтөбе қаласындағы жеке спорт клубтарда жаттықтырушылық жұмысын жалғастырып, шәкірттер тәрбиеледі.

тардың таңдауы бірден Сейітжанға түсті. Сейітжан да бөлсінбей, азаматтардың сөзін жерге тастамай, туған жеріне оралды... Соңғы жылдары Ойылда боксты серік еткен жастарымыз көбейіп, деңгейі өсіп келеді. «Батыр майданда шынығады» - дегендей, жаттығу бір басқа, боксшыға шыңдалу үшін үнемі жарыс керек. Қазіргі карантин шаралары шәкірттерінің шеберлігін шыңдауға тусуа болып отырғанын жасырмайды. Басқа спортпен салыстырған-

да, бокстан жарыс өткізу шығыны көп шара. Бір турнирді, жарысты өткізу үшін берісі бес күн, өрісі бір апта керек. Ауданда жарыс өткізу туралы ойына карантиннен бұрын осындай шығындар шектеу болып отырғанын жасырмайды.

Күнделікті еңбек пен жаттығудың арқасында ғана нәтижеге қол жеткізу мүмкін екенін шәкірттеріне түсіндіруден жалқылайтын, спорттың ішінде бекзат өнер саналатын боксты жарты ғасыр серік еткен Сейітжан бүгінде алпыстың асқарына шығып отыр. Сейітжан бапкерді мерейтойымен құттықтап, аудан өкімі мен еріптестері және аудандық білім бөлімінің басшылығы және облыстық бокс федерациясы құттықтау хаты мен арнаулы сыйлықтарын ұсына, ардагер спортшылар кеңесі омырауына «Спорт ардагері» төсбелгісін тақты. Ұстаз еңбегі шәкірттерінің табысымен өтеледі. Сондықтан, бұл Сейітжан ағаның шәкірттерінің тек биіктен көрінуіне тілектеспі!

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ, Ойыл селосы.

Қытайықтай

Ойыл селосының тұрғыны, Ниязова Нұрсұлу анамызды 85 жасқа толуыңызбен құттықтаймыз!

Ақ тілепкен еулетіңіз көгерді. Бата ап жүрсін өзіңізден ел енді. Құтты болсын 85 жас тойыңыз. Анамыз деп көреген жан, кемелді. Тілек білдірушілер: бала-келіндері, қыз-күйеу балалары, немере, шөбере жемдері.

ОНЛАЙН АЛАЯҚТАР ОҢДЫРМАЙДЫ!



Қазіргі таңда қоршаған ортамызда «Алаяқтық» жасайтындар көбейуде. Алаяқтық дегеніміз - яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену.

Сондықтан алаяқтық деректері компьютерлік технологиялар мен әлеуметтік желілерді қолдана отырып, жүзеге асырылуда. Сондықтан, интернет құрылғысы арқылы алаяқтық жасау кенінен белең алып барды. Солардың бірі - ғаламтор арқылы жасалатын онлайн алаяқтық. Олар өз едістерін жүзеге асыру мақсатында пайдаланушыларды алдау үшін жалған сайттарды қолданады. Сатылымға шығарылған тауарларды тым пайдабаға беру үшін қаражаттың бір бөлігін алдын-ала аударуын өтініп, тиісті қаражат аударылған соң баланысқан уялы телефондарын өшіріп, хабарсыз кетеді.

Сондай-ақ, қоңырау шалу немесе СМС-хабарландыру арқылы уялы операторлардың абоненттеріне белгісіз тұлға қоңырау шалып және белгілі компанияның қызметкері ретінде өзіне таныстырып, абоненттен ақшалай аударымдар жүйесі бойынша ақшалай қаражатты аудару арқылы алаяқтық шотын толықтыруға бағытталған бірқатар әрекеттерді орындауды сұрайды. Алаяқтық әдістері мұнымен ғана шектелмейді.

Сондықтан, белгісіз тұлғаларға ақшалай аударымдарды жүзеге асырмауға немесе тауарлар мен қызметтерге, оларды алғанға дейін төлем жүргізбеуге, аударымның бақылау нөмірін немесе аударым туралы қандай да болмасын ақпаратты Сіз жеке басын қуаландырып, алушыны қоспағанда ешкімге хабарламай, нарықтық бағадан маңызды төмен бағалар немесе сатушыға тым пайда-сыз шарттар бойынша автомобиль, электрондық және өзге де техниканы сату немесе қызметтерді көрсету туралы хабарландырулар күмән тудырса мұқият тексеріңіз жөн.

Н.ЕРМЕКБАЕВ, Ойыл ауданы прокуратурасының аға прокуроры.

«ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ» ЖОБАСЫ ҰСТАЗДАР ДА ҮЛЕС ҚОСЫП ЖАТЫР



Келешегіміздің кемел болуы үшін білімді ұрпақ тәрбиелеу ұстаздар алдындағы жауапті іс. Сондықтан елімізде мұғалімдердің мәртебесін көтеруге үлкен мән берілуде. «Ұстазы мықтының ұстанымы мықты», демекші ұстаздардың қоғам өмірінен ажырмай шәкірт дайындауда ілімнің жолын қуып ғана қоймай олардың ұлт үшін ұлы тұлға болып қалыптастыру жолында ұстаздарға үлкен міндет жүктеліп отыр. Яғни, елдің тыныс-тіршілігінен бейқам еспесі үшін білім ошақтарында оқушылардың балғын шағынан қайырымдылық шараларға қатысуға үндейтін жобалар жасақталуда. Солардың біріне тоқталсақ, елімізде Республика бойынша «Қоғамға қызмет» еріктілер тобы құрылып келеді. Осы бағытта Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде «Қоғамға қызмет» бұрышы жасақталды.

Топ құрамы мектептің жас мұғалімдерімен қатар белсенді оқушылардан жасақталған. Аталған топтың төрағасы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Әбділда Сағынов. Клубтың басты мақсаты - халықтың әлеуметтік қорғаныс бөлігіне, гуманитарлық қолдау көрсету барысында студенттердің саяси-әлеуметтік мәдениетін және ерікті азаматтық белсенді ұстанымын қалыптастыру. Сондықтан білім оша-

ғында жүріп-ақ қоғамдағы өр түрлі шараларға белсенділік танытып жүрген жас жігіт бүгінде клубтың алдына үлкен міндеттерді жүктеп отыр. Нақтырақ айтсақ, «Мейірімділік жүрекпен», «Менің отбасым», «Біздің балалар», «Қарттарға құрмет», қайырымдылық шаралары аясында әлеуметтік тұрмысы төмен жайыс отбасыларға, жалғызбасты қарттарға көмек қолын созып, демеушілерді тарту және олардың әлеуметтік маңызын идеаларын, қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруда еріктілер ретінде көмектесуді жүзеге асырмақ. Осындай қайырымдылық акциялары жалпы аудан мектептерінде жыл бойы атқарылуы тиіс.

Осы орайда, алғашқы шара «Жұмада жақсылық жасайық» атты акциямен басталды. Толығырақ тарқатсақ, өткен жұма күні аудан орталығында бауырсақ пісіріліп, тегін таратылды. Бауырсақ салынған қорапшалардың сыртына аудан тұрғындарын қайырымдылық іс-қылға шақырған сөздер жазылған. «Жұмада жақсылық жасайық!» атты акцияның эстафетасын аудан мектептері мен колледж ұстаздарына өрі қарай жалғастыру үшін жолдады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

ЕСЕПТЕ ТҮРҒАНДАР ЕҢБЕКТЕН ҚАШПАЙДЫ

Жуырда Ойыл ауданы өкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы бос жұмыс орындарына арналған жәрмеңке өткізді. Жәрмеңкеге аудан тұрғындары мен пробацция қызметі есебінде тұрған азаматтар қатысты. Оларға «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының үш бағыты бойынша түсіндірілді. Рекурттік пункт нәтижесінде 12 азамат жолықты. Оның ішінде 6 азамат жұмыс іздеуші ретінде тіркелді. 1 азамат әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа баруға келісімін берді. Пробацция есебінде тұрған 2 азамат қысқа мерзімді оқуға, 3 азамат шағын несие алып өз кәсібін ашуға кеңес алды. Рекурттік пункт алдағы уақытта өз жұмысын жалғастыра береді.

П.С. Ойыл аудандық пробацция қызметінің инспекторы әділет аға лейтенанты Ахат Салпик Ойыл аудандық мешітінің бас имамы Нұрсұлтан Серікұлымен кездесіп, пробацция есебінде тұрған азаматтар мешіттің ауласын қардан тазалап берді. «Мешіт Алланың жердегі үйі». Оның тазалығына үлес қосқан өрбір азамат баласына сауап жазылатыны жөнінде айтылды.

«ЕСІҢЕ МЕНІ АЛҒАЙСЫҢ!»

«ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ӨЛЕНІ КҮДІРЕТІМ, ОНДА БІР СҰМДЫҚ СЫР БАР ЕСТІЛМЕГЕН», - деп өмірінің соңына дейін жырлап кеткен ҚАЗАҚТЫҢ ЛИРИК АҚЫНЫ, ЖЫР ДҮЛДІЛІ МҰҚАГАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА БИЫЛ ТОҚСАН ЖҮЛ ТОЛДЫ.



Осы орайда ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күні қарсаңында ақынның өлеңдерін жатқа оқудан байқау өтті. Байқау екі кезеңнен тұрды. Үміткерлер өнерін таразыға салған қазылар алқасының қатарында Ш.Берсиев атындағы Ойыл өлкелік музейінің директоры Балқия Рысбаева, Ойыл аудандық балалар кітапханасының аға кітапханашысы Гулайым Қалиева, Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы директоры Мейрамбек Мұсағалиев, Ойыл аудандық мәдениет үйінің режиссері Әділбек Қалидоллин болды. Байқаудың шарты бойынша бірінші кезеңде үміткерлер жатқа оқыды. Қазылар алқасы өр сайыскердің тіл байлығына, дауыс мөнері мен сахнада өзін-өзі ұстауына баса назар аударды. Бір айта кетерлігі, байқауға қатынасудың маңызын бұрын көп айтылмай-ақ «Құрсынбеші», «Жасасан қайыр», «Қырқының жылдары», «Болашаққа», «Таудай болғым келеді» деген өлеңдерін сахна тәрінде жаңғыртты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

СІБІР ЖАРАСЫ (Күңіріңі, Топпаң)

Қоздырғышы Бациллус Антрацис деп аталатын қозғалмайтын микроб таяқшалары. Ауасы жерде плюс 12 градус-минус 45 градус аралығында өсе береді. Қолайсыз жағдайда сыртқы қабап пайда болып (спора) ұзақ сақталады. Бұл ауруға адамнан бастап, барлық жан-жануар тез шалынады. Жұғуы (Алиментарлық жолмен) арқылы және де, адамдар ауру мал сойғанда жарақаттанған тері арқылы жұқтырады. Клиникалық белгісі: дене қызуы 41-42°С-қа дейін көтеріліп, тыныс алуы қиындайды. Жүрек қағысы жиілейді. Ауру малдар 10-12 сағат арасынан бастап 2 күн ішінде алдын-алу шараларын жасамаса, 10-12% дейін шарпыу мүмкін. Инкубациялық кезең 1-3 күн. Аурудың өту уақытына байланысты: 1. Бір сәттік; 2.жіті түрі; 3. Жітіден төмен түрі.

Патанатомиялық өзгерістер: Өлексе қатты ісініп кетеді, ауыз, тыныс, нежес қуыстарынан ұйымаған қан ағады. Өлексе тез бұзылады. Қаны қара түсті қою ұйымайды, өлексе сіресіп қатып қалмайды. Сойып қарағанда тері асты, сел бездері ісініп, ішкі органдардың барлығы қанталған кетеді. Көкірек іш қуыстарында қан аралас экссудат толып кетеді.

Диагноз: Эпизоотологиялық көрініске, клиникалық жағдайына, ауру мал белгісіне қарап қойылады. Жазғы жалпау уақытында, бұрын ошақ болған жерде, жауын шашыннан кейін немесе жазғы тасқын уақытында немесе жаңа аударылған топырақта малдардың тез өлуі, құман тұдырады. Лабораторияға құлақтан кесілген кесіндіден, көлкенде кептірілген қалың қан жағындысын жібереді, қаналған жерді күйдіріп тастайды.

Айыруды: Қара сан, брадзот, газды ісік ауруы, пастереллез, улану т.б аурулардан ажырата білу мақажет. Күйдіргі ауруынан өлген малдың басқа аурулардан айырмашылығы (қарапайым белгісі) өлексе қатып қалмайды (сіресе болмайды).

ҚР АШМ ВБЖҚ Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Көптоғай ауылының тұрғындары!

2021 жылдың 15 наурыз күні сағат 10⁰⁰-де «Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көптоғай ауылдық округі өкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Көптоғай ауылы, Достық көшесі №6 мекен жайындағы кеңсе ғимаратында Көптоғай ауылдық округі бойынша қоғамдастық жиыны өтеді.

Күн тәртібіндегі мәселе:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпандағы 2014 жылғы №138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, мағынасыз, мәнісіз, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйеніп отырып Көптоғай ауылдық округі, Көптоғай ауылының көшелерінің атауын өзгерту туралы қоғамдастық жиыны өтеді.

«Көптоғай ауылдық округі өкімінің аппараты»ММ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Қаратал ауылының тұрғындары!

2021 жылдың 17 наурыз күні сағат 10⁰⁰ – де «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі өкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Қаратал ауылы, Сүлеймен аулие көшесі №12 мекен – жайындағы кеңсе ғимаратында Ш.Берсиев ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

Күн тәртібіндегі мәселе:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпанындағы 2014 жылғы №138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді – мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай – ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының өкімшілік – аумақтық құрылыс туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін – өзі басқару туралы» заңдарына сүйеніп отырып Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі, Қаратал ауылындағы Конституция көшесінің атауын өзгерту туралы қоғамдастық жиыны өтеді.

«Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі өкімінің аппараты » ММ

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы, Суқашева Әлия Айсәуізі (15.02.1963ж-16.08.2014ж)

Ардақты да, аяулы көкеміз тірі болғанда 15 ақпанда 58 жасқа толар еді. Сұм ажал ортамыздан алып кетті. Көкемді сағына еске ала отырып, топырағыңыз торқа, жаныңыз жаннат нұрлансын деп Алладан тілейміз. Сіз кеткелі жылдар өтті арада, Жүрегіміз жазылған жоқ жарадан. Сағынышпен туған күнінде еске алады, Ұрпақтары Суқашевтар еулетінен тараған. Сағыныштан жүрек тулап алқынды, Сұм ажал ортамыздан жұлып кетті «АЛТЫНДЫ». Еске алумен жылдар жылжиып өтуде, Ұмытпадық бауырмал сенің қалпыңды. Аппақ көкем, амал бар ма Алланың салған ісіне, Кім тұрады құдыретті күшіне, Ерекше дара, салмақты бейне мәңгілік, Тұрады көке бауырларыңның есінде. Ойлап тұрсаң, тірі болсаң зейнеттің дөмің татар ең, Сізбенен бірге, той тойлап бізде жатар ең. Әппақ жүзің пейіште шапқын КӨКЕШІМ, Біздерді желеп – жебеп, рухымен демеу жатқайсың! Еске алушылар: бауырлары, күйеу балалары мен сіңлілері, жиендері.

Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының ұжымы мен бастауыш кәсіподақ ұжымы мектеп-гимназия мұғалімі Гүлмира Үкібайқызы Исмаиловаға ағасы

Талғаттың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.